

ҒТАХР 06.01.11
ӨОЖ 631:316.48

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ МЫСАЛЫНДА
АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

**СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ СЕЛА НА ПРИМЕРЕ
ЖАЛАГАШСКОГО РАЙОНА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ КАЗАХСТАНА**

**SOCIAL AND ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE VILLAGE BASED ON THE EXAMPLE
OF ZHALAGASH DISTRICT OF KYZYLORDA REGION OF KAZAKHSTAN**

А. МҰХАНОВА^{*1}

Ә.Ғ.К.

Ж.Б. СМАҒУЛОВА¹

экономика магистрі

Ж.Ш. АБДЫҚАЛИЕВА²

PhD докторанты

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда, Қазақстан
²І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған, Қазақстан
aia_mukanova@mail.ru

А. МУХАНОВА¹

К.Ә.Н.

Ж.Б. СМАГУЛОВА¹

магистр экономики

Ж.Ш. АБДЫКАЛИЕВА²

докторант PhD

¹Қызылординский государственный университет им. КоркытАта,
Қызылорда, Казахстан

²Жетысуский государственный университет им. И.Жансугурова,
Талдықорған, Казахстан

А. MUKHANOVA¹

C.E.Sc.

ZH.B. SMAGULOVA¹

Master of Economics

ZH.SH. ABDYKALIYEVA

PhD student

¹Korkyt Ata KyzylordaStateUniversity, Kyzylorda, Kazakhtan

²Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstann

Аңдатпа. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының басым бағыты ретінде ауылдық аумақтарды дамытуға ықпал ететін негізгі бағыттар мен факторлар қарастырылған. Авторлар аталған мәселелерді шешуде сараланған тәсілдің болмауы көбінесе өндірістік күштерді тиімсіз орналастыруға, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымның дамымауына әкеп соқтыратынын атап өтті. Ауылдық жер зерттеу объектісі ретінде экономикалық, әлеуметтік, мәдени, демографиялық, экологиялық және басқа да индикаторларды қамтитын аумақтық аспект пен қоғамдық қатынастардың жиынтығын ескеретін кешенді бағалауды талап етеді. Ауыл тұрғындарының өсуін тежейтін мәселелер көрсетілген. Маркетингтік зерттеулер негізінде Қызылорда облысы Жалағаш ауданының ауылдық жерлерінде экономикалық және әлеуметтік өзгерістер талданған. Тұрғындар арасында сауалнама жүргізу ішкі және сыртқы факторларды, сондай-ақ Аққұм ауылының өндірістік және инженерлік инфрақұрылымының жай – күйін бағалайтын жалпы әдістердің бірі - SWOT-талдау жүргізуге мүмкіндік берді. Ауылдық агломерациялардағы өмір сүру деңгейі мен сапасы – республиканың тұрақты экономикасының, оның қоғамдық және рухани өмірінің

белсенділігін арттырудың маңызды көрсеткіштері. Ауылдық аудандардың өндірістік, демографиялық, еңбек, кеңістіктік-коммуникациялық әлеуетін пайдалану өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мүдделеріне жауап береді. Авторлар осыған байланысты әлеуметтік және инженерлік объектілердің қызметін реттеу тетіктерін өзірлеу, олардың сапалы өзгерістерін жеделдету, әлеуметтік қызметтердің қол жетімділік деңгейін арттыру қажеттігі туындайды деп санайды. Ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру көлемін ұлғайту, кәсіпкерлік қызметті кеңейту, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру, басқару нысандары, білікті мамандардан ауылдың кадрлық әлеуетін құру, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру бағыттары ұсынылған. Ауыл аумақтарындағы экономикалық және әлеуметтік жағдайдың жақсаруына ықпал ететін Қызылорда облысы ауылдарының проблемаларын шешу жолдары белгіленген.

Аннотация. Рассмотрены основные направления и факторы, способствующие развитию сельских территорий как приоритетному направлению социально-экономической политики страны. Авторы отмечают, что отсутствие дифференцированного подхода к решению данных вопросов приводит зачастую к нерациональному размещению производительных сил, неразвитости социально-бытовой инфраструктуры. Сельская местность как объект изучения требует комплексной оценки, учитывающей одновременно территориальный аспект и совокупность общественных отношений, включающих экономические, социальные, культурные, демографические, экологические и другие индикаторы. Показаны проблемы, сдерживающие рост сельского населения. На основе маркетинговых исследований анализируются экономические и социальные преобразования в сельской местности Жалагашского района Кызылординской области. Опрос жителей позволил провести SWOT-анализ – одного из распространенных методов, оценивающих в комплексе внутренние и внешние факторы, а также состояние производственной и инженерной инфраструктуры села Аккумуля. Уровень и качество жизни в сельских агломерациях – важные показатели стабильной экономики республики, активизации ее общественной и духовной жизни. Использование производственного, демографического, трудового, пространственно-коммуникационного потенциала сельских районов отвечает стратегическим интересам социально-экономического развития регионов. Авторы считают, что в связи с этим, возникает необходимость разработки механизмов регулирования деятельности социальных и инженерных объектов, ускорения их качественных изменений, повышения уровня доступности социальных услуг. Представлены направления увеличения объемов производства сельскохозяйственного сырья, расширения предпринимательской деятельности, совершенствования социальной инфраструктуры, форм управления, создания кадрового потенциала села из квалифицированных специалистов, роста качества жизни сельских жителей. Обозначены пути решения проблем сел Кызылординской области, способствующие улучшению в перспективе экономической и социальной ситуации в сельских территориях.

Abstract. The main directions and factors contributing to the development of rural areas as a priority area of socio-economic policy of the country are considered. The authors note that the lack of a differentiated approach to solving these issues often leads to the irrational distribution of productive forces and the underdevelopment of social infrastructure. The countryside as an object of study requires a comprehensive assessment, taking into account both the territorial aspect and the totality of social relations, including economic, social, cultural, demographic, environmental and other indicators. The problems restraining the growth of the rural population are shown. Based on marketing research, economic and social transformations in the rural areas of Zhala-gash district of Kyzylorda region are analyzed. A survey of residents made it possible to conduct a SWOT analysis, one of the most common methods that assess the complex internal and external factors, as well as the state of the production and engineering infrastructure of the village Ak-kum. The level and quality of life in rural agglomerations are important indicators of a stable economy of the republic, the revitalization of its social and spiritual life. The use of production, demographic, labor, spatial and communication potential of rural areas meets the strategic interests of the socio-economic development of the regions. The authors believe that in connection with this, there is needed to develop mechanisms for regulating the activities of social and engineering facilities, accelerate their qualitative changes, and increase the level of accessibility of social services. The directions of increasing the volume of agricultural raw materials production, expanding entrepreneurial activity, improving social infrastructure, forms of management, develop the human resources of villages from qualified specialists, and increasing the quality of life of rural residents are presented. The ways of solving the problems of villages of Kyzylorda region, contributing to the improvement of the economic and social situation in rural areas in the future, are outlined.

Түйінді сөздер: әлеуметтік-экономикалық даму, ауылдық жер, SWOT-талдау, ауыл халқы, тұрмыс деңгейі, шағын, орта бизнес, әлеуметтік инфрақұрылым.

Ключевые слова: социально-экономическое развитие, сельская местность, SWOT-анализ, сельское население, уровень жизни, малый, средний бизнес, социальная инфраструктура.

Key words: socio-economic development, rural area, SWOT analysis, rural population, standard of living, small, medium business, social infrastructure.

Кіріспе. Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту деп әлеуметтік, моральдық-адамгершілік, экономикалық және экологиялық дағдарыстарды болдырмауға мүмкіндік бере отырып, халықтың қолайлы өмір сүру деңгейін қамтамасыз ететін аумақтың әлеуметтік-экономикалық кешенінің тиімді жұмыс істеуін түсіну керек [1]. Ауыл аумақтарын дамытудың мемлекеттік саясатының тұжырымдамалық негізі оның ауыл экономикасын дамыту перспективаларымен байланысты.

Ауыл тұрғындарына мәдени және тұрмыстық қызмет көрсететін, жеке адамдардың жан-жақты дамуына жағдай туғызатын, соның арқасында еңбек өнімділігін арттырып, қоғамдық өндірістің тиімділігін жоғарылататын өзекті проблемалар болып саналатын әлеуметтік саланы дамыту басты назардағы мәселелер. Ауылды дамыту және ауыл тұрғындарының жағдайын жақсарту мәселелерін шешуде ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту, кәсіби дайындық деңгейін көтеру, экономикалық белсенділігін көтеру механизмін жетілдіру және ауыл тұрғындарының әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамыту басты мәселелердің бірі [2].

Әлеуметтік саланы қалпына келтіру және дамыту жұмыстарының негізгі факторы оның әлеуметтік-экономикалық құрылымын жетілдіру болып табылады. Бұл жұмыстың негізгі міндеті – ауыл халқының мұқтажын қанағаттандыра алатын өндіріс саласындағы меншіктік қатынастардың өзгерісін ескере алатын жаңа әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетудің ұйымдық-құқықтық формаларын, сонымен қатар әр түрлі меншік формалары бойынша әлеуметтік саланың қуаттылық құрылымдарын қалыптастыру болып табылады. Ауылдың тұрмыс деңгейін көтеру, тұрғындардың әлауқаты мен өмір сүру жағдайын ұдайы жақсарту түсу мемлекетіміздің әлеуметтік экономикалық саясатының басым бағыты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің теориялық, методологиялық және ақпараттық базасын отандық және шетелдік ғалымдардың ауылдағы әлеуметтік және экономикалық қатынастарды дамытудың түрлі аспектілеріне, тиімділікті

анықтауға, сондай-ақ олардың өзара іс-қимыл механизмдерін құрудың ұйымдық-экономикалық аспектілеріне арналған жұмыстары құрады. Авторлармен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қызылорда облысының материалдары, ҚР және Қызылорда облысының ауылдық аумақтарын тұрақты дамыту Бағдарламалары және т.б. зерттелді.

Зерттеу материалы әлеуметтік және экономикалық қатынастардың негізгі нысандарын көрсете отырып, ауылдық аумақтардың әлеуметтік экономикалық дамуының қазіргі жағдайын, өзекті мәселелерін және негізгі үрдістерін анықтауға негізделген. Ауылдағы әлеуметтік және экономикалық қатынастардың тиімді нысандары механизмдерінің анықтамасы мен құрылымын анықтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік және экономикалық қатынастарды қалыптастырудың теориялық ережелері жинақталып, жүйелендірілді.

Зерттеу келесі ғылыми әдістердің қолданылуына негізделеді: талдау, сауалнама, экономикалық бағалау. Мақала жазу барысында әр түрлі әдебиет көздері қолданылды: ғылыми әдебиет, статистикалық мәліметтер және т.б.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бүгінгі таңда ауылды жандандыру ауылдағы саяси, әлеуметтік әрі экономикалық байланыстарды қалпына келтірудің біртұтас құрамдас бөлігі ретінде қарастыруымыз керек. Ауылдық аумақтарды дамыту азық-түлік қауіпсіздігін, агроөнеркәсіптік кешен өнімі нарықтарының тұрақтылығын қамтамасыз ететін, кәсіпкерліктің тиімді жүйесін құруға, отандық өнімнің бәсекелестік артықшылығын қолдауға, ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеруге, ауылдық аумақтардың әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталады.

Қазіргі кезде еліміздің азық-түлікпен қауіпсіздігін сақтау және оны нығайтумен қатар, ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық даму механизмін жетілдіру, дәлірек айтқанда, елді мекендер тұрғындары-

ның табыс деңгейін көтеру, экономикалық қызмет салаларын кеңейту, ауыл халқының кәсіпкерлік белсендігін арттыру өзекті экономикалық мәселелердің біріне айналып отыр. Еліміздегі 7,5 млн. ауыл тұрғынының әл-ауқатын жақсарту мақсатында перспективалы ауылдарды іріктеп, сол ауылдарда әлеуметтік саланы дамытуды, тұрғын үйлер мен жолдар салып, коммуникациялар жүргізуді қарастыратын «Ауыл – Ел бесігі» жобасын жүзеге асыру қолға алынды.

Жобаның басты мақсаты – ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдарды тұрақты дамыту. Жоба шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауыл халқының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету және жалпы жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар міндеттерді шешу көзделген.

Сондай-ақ, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы бойынша жұмыс орнын құру, мектеп пен аурухана, жол салу, ауылдық елді мекендерді газбен, сумен қамту, жоба аясында ауыл шаруашылығы саласында орта және шағын бизнесті дамыту шаралары қарастырылады [3]. «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында бірінші кезекте іріктелген ауылдық елді мекендердің мамандандырылуы және олардың қолда бар ресурстары: егістіктерінің, жайылымдарының, инфрақұрылымдарының болуы есепке алынады.

Ол үшін Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының және оны іске асыру үшін әзірленген ұзақ мерзімді салалық бағдарламалардың жүзеге асырылуы жалғастырылады.

Ауылдық және аудандық деңгейінде экономиканы тұрақтандыру және дамыту мәселелерінің теориялық негізін және даму үлгісін құрмай аймақтық деңгейлерде экономикалық дамуды қалыптастыру мүмкін емес [4]. Осы айтылғандарға орай, Қызылорда облысы Жалағаш ауданына қарасты Аққұм ауылының әлеуметтік-экономикалық даму жағдайына талдау жасадық.

2018 жылы ауыл тұрғындарының саны 2 125 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 1 065, әйелдер – 1 060 адам. Зейнеткерлер – 207 адам, мектеп жасындағы оқушылар саны – 406 бала. Бір жасқа дейінгі балалар саны – 37,5 жасқа дейінгісі – 203. Ауылда 14 жасқа дейінгі мүгедек балалар – 15. Соңғы жылы ауыл халқының саны 2014

жылмен салыстырғанда 40 адамға артып, 0,2%-ға көбейгені байқалады.

Аққұм ауылы бойынша әлеуметтік даму көрсеткіштері: ауылдық округ бойынша «БАТЫР АНАЛАР» саны - 45, «КҮМІС АЛҚА» иегерлері – 39. Қазіргі таңда 4 және одан да көп балалары бар, көп балалы 1960 жылдан кейін туылған әйелдер саны 87, оның ішінде балалары 18-ге дейінгілер саны – 24.

Жастар саясаты бойынша. Ауылда 29 жасқа дейінгі тұрғындардың жалпы саны – 304. 25 адам өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар қатарында, 21 адам жоғары немесе арнаулы білімі жоқ. 89 адам ауылдық округте және әр түрлі вахталық қызметтер бойынша еңбек етуде. Сонымен қатар, ауылдың 29 жасқа дейінгі 32 тұрғыны Астана, Алматы, Ақтөбе және Қызылорда қаласында әр түрлі салада еңбек етеді.

Қазақстан Республикасы қарулы күштері қатарында 11 тұрғын әскери борышын атқаруда. Жоғары және орта кәсіби білім беру орындарында 126 жас білім алуда. Ауыл жастарының арасында маскүнемдік, нашақорлық бойынша тіркелген азаматтар және діни экстримистік ағымдағы топтарға қатысушылар жоқ, дегенмен, түрлі тәртіп бұзушылық бойынша 2 тұрғын соттың шешімімен жауапқа тартылған.

Аймақтық экономиканың негізгі және дәстүрлі әдістерінің бірі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау болып табылады [5]. Ауыл тұрғындарына мәдени және тұрмыстық қызмет көрсететін, жеке адамдардың жан-жақты дамуына жағдай туғызатын, соның арқасында еңбек өнімділігін арттырып, қоғамдық өндірістің тиімділігін жоғарылататын өзекті проблемалардың бірі болып саналатын әлеуметтік саланы дамыту басты назардағы мәселелердің бірі болып отыр.

Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуының ұзақ мерзімге арналған стратегиясы табиғи, әлеуметтік-экономикалық және тағы басқа аумақтық факторларды толықтай ескеріп, оларды мемлекеттік саясаттың барлық бағыттарын нақтылағанда ғана ғылыми тұрғыдан негізделген және жүзеге асу мүмкіндігі жоғары болады. Ауыл халқының әл-ауқатының даму динамикасы 1-ші кестеде көрсетілген [6].

Аққұм ауылдық округінде жұмысқа қабілетті халық саны 2018 жылы 1 005 адамды құрады. Қазіргі таңда жұмыс жасап жатқандар саны 1 041 адам, оның ішінде бюджеттік мекемелерде 212 адам жұмыс атқарады, шаруа қожалықтарында 614 адам қызмет етсе, 215 адам өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар қатарында. Жұмыс

Социальные проблемы села

жасап жатқандар санының көбеюі жеке кәсіпкерлік секторы және отбасылық бизнеспен айналысуына байланысты болып отыр. Сонымен қатар, ауыл әкімдігінің мә-1 кесте – Еңбек нарығы деңгейіне талдау


ліметі бойынша ауылдағы жұмыссыздар саны – 25 адам, жұмыспен қамту орталығына тіркелген жұмыссыздар саны – 7 адам.

Керсеткіштер	2014ж.	2015 ж.	2016ж.	2017ж.	2018ж.
Жұмысқа қабілетті халық саны, адам	1020	1029	1041	1005	1005
оның ішінде: ерлер	505	512	519	504	507
әйелдер	515	517	522	501	498
Жұмыссыздар саны, адам	32	25	30	29	25
Оның ішінде арнайы тіркелгендері	30	4	5	7	8
Жұмыспен қамтылғандар саны, адам	990	995	1011	1025	1041
Оның ішінде: бюджеттік мекемелерде	197	200	201	207	212
шаруа қожалықтарында	476	469	486	486	491
серіктестерде	125	125	120	123	123
жеке кәсіпкерлікте	19	33	43	48	52
өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	173	168	161	161	163
Ескертпе – Аққұм ауылдық округінің мәліметтері негізінде					

Аққұм ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайына баға беру мақсатында «Еңбек нарығындағы жағдай мен жұмыссыздыққа, бизнестің ықпалын анықтау» бойынша сауалнама жұмыстары жүргізілді. Сауалнамаға ауылдық округ бойынша барлығы 347 отбасы қамтылды, оған қатысқан тұрғындардың 42%-ы 46-63 жастағы адамдар, оның ішінде ерлер – 47%, әйелдер – 53%. Сауалнамаға қатысқан отбасыларында жанұя мүшелерінің саны бойынша 40%-ға жуығында 5-тен жоғары, ал 5 мүшесі бар

отбасылар – 20%, 2 мүшесі барлар 9%-ын құрайды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 26%-ы жоғары, 52%-ы арнайы орта және 22%-ы орта білімді.

Сауалнама бойынша «Отбасы табысы қандай табыс көздерінен құралады?» - деген сұраққа жауаптар төмендегідей болды: 51%-ы тұрақты еңбек жалақысынан, 25%-ы зейнетақыдан, 18%-ы мерзімдік және маусымдық табыстардан, 3%-ы басқа да табыс көздерінен, 3%-ы жауап беруге қиналатындығын көрсеткен (1 сурет).




1 сурет – Отбасы табысының қалыптасу көздерінің деңгейі

«Отбасының 1 айлық табысының мөлшері қандай көлемде?» - деген сұраққа респонденттердің 50%-ы 30-50 мың теңге, 35%-ы 50-100 мың теңге, 11%-ы 100-150 мың теңге, 4%-ы 150-200 мың теңгеден

жоғары деп жауап берді (2 сурет). Демек, ауыл халқы отбасыларының 50%-ы 30-50 мың теңге аралығындағы табысқа күн көретіні анықталды.

Социальные проблемы села



2 сурет – Отбасының 1 айлық табысының мөлшері

«Сіз өз отбасыңыздың материалдық әл-ауқат деңгейін қалай бағалар едіңіз?»-деген сұраққа респонденттердің 7%-ы «Біз материалдық қиыншылық көрмейміз және қажет жағдайда несие арқылы автомобиль немесе пәтер сатып ала аламыз», 16%-ы «Кірісіміз автомобиль немесе пәтер сияқты аса қымбат дүниелерден басқаның бәріне жетеді», 37%-ы «Табысымыз азық-түлік пен киімге ғана жетеді, бірақ ұзақ мерзім пайдалану тауарларын сатып алу қиын», 28%-ы


«Табысымыз азық-түлікке ғана жетеді, бірақ киім сатып алу қиындық тудырады», 5%-ы «Табыс азық-түлікке де жетпейді», ал 5%-ы жауап беруден бас тартқан. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптарын талдау барысында, ауыл отбасыларының 37%-ының отбасылық табысы азық-түлік пен киімге ғана жететіні, алайда ұзақ мерзім пайдалану тауарларын сатып алуы мүмкіндігі шектеулі екендігі анықталды (3 сурет).



3 сурет – Отбасының материалдық әл-ауқат деңгейі

«Сіздің отбасыңыз қандай қаражат көздерін пайдаланып өмір сүреді?» - деген сұраққа жауап берген қатысушылардың 62%-ы

тек жалақыға, 23%-ы зейнетақыға, ал 15%-ы кездейсоқ табыстарға өмір сүретіндігі анықталды (4 сурет).



4 сурет – Отбасының негізгі қаражат көзі

«Сіз қазір қандай қызмет түрімен айналысасыз?»-деген сұраққа респонденттердің 21%-ы бюджеттік ұйымда, 21%-ы зейнеткер, 46%-ы жекеше салада жұмыс істейтіндігін (жалдамалы жұмысшы), сондай-ақ, 6%-ы үй шаруасындағы әйелдер, 6%-ы уақытша жұмыссыздар екендігін атап көрсетті.

«Жұмыссыздықтың негізгі себептері қандай?» - деген сұраққа қатысушылардың 41%-ы жұмыс орындарының жоқтығын, 23%-ы лайықты жұмыстың болмауымен сипаттаса, 20%-ы жалақы мөлшерінің төмендігін көрсеткен. Ауыл тұрғындарының 72%-ы осы ауылда 25 жылдан астам уақыт тұрады, яғни олар ауыл халқының тұрмыс жағдайын, округтің жер-су қорларын пайдалану тиімділігін және экономикалық даму мүмкіншіліктерін біледі.

«Сіздің ойыңызша, ауыл халқының өмірін жақсарту үшін не істеу қажет?» - деген сауалға респонденттердің 42%-ы жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнесті дамыту қажет деп санаса, 58%-ы медициналық қызмет көрсетуді жақсарту керектігін алға тартады.

Ауылдағы әлеуметтік-инфрақұрылымдардың жағдайы бойынша «Сіз ауылдағы білім беру сапасына қаншалықты қанағаттанасыз?» - деген сауалға мектепке дейінгі білім мен тәрбие (балабақша), орта білім беретін (мектеп) қызметтеріне 70% тұрғындар толық қанағаттанамыз деген жауап берді, қалған 6%-ы жауап беруге қиналатындығын, 24%-ы қанағаттанбайтындығын білдірді.

Денсаулық сақтау саласын келесі критерийлер бойынша қалай бағалайсыз? - деген сауалға «Науқастарды қабылдау жүйесі (кезек, онлайн жазылу)» 34%-ы қанағаттанамын деген жауап берсе, 13%-ы қанағаттанбайтындығын алға тартады, 11%-ы жауап беруге қиналатындығын, 42% бұл сауал бойынша өз пікірлерінің жоқ екендігін білдірді. Дәрі-дәрмектің қолжетімділігі 20%-ы қанағаттанамын деген жауап берсе, 38%-ы қанағаттанбайтындығын көрсетеді. 12%-ы жауап беруге қиналатындығын, 30%-ы өз пікірлерінің жоқ екендігін көрсетеді.

Ауылдағы ауыз судың сапасына қатысушылардың 45%-ы толық қанағаттанатындығын білдірген, алайда ауылдағы су скважинасының түске дейін 2 сағат және түстен кейін 2 сағат қана жұмыс істейтіндігін айта келіп, ауыз су беру мерзімін 7-8 сағатқа ұзартуды сұрайды.

Көлік қатынасы бойынша ауылдан екі мезгіл «Аққұм-Жалағаш» және «Аққұм-Қызылорда» бағыттары бойынша көрсе-

тілген жолаушылар тасымалдау қызметіне толық қанағаттанамыз деп жауап берген.

Ауылдағы жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін не жетіспейді?-деген сауалға тұрғындардың 45%-ы балаларға арналған ақысыз үйірмелер мен секциялар санын көбейту қажет деп жауап берсе, 36%-ы спорттық кешен, спорттық алаңдар, балалардың ойын алаңы керектігін алға тартады, ал қалған респонденттер бұл сауалға бей-жай екендігін білдірді.

Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті және агробизнесті дамыту ауыл инфрақұрылымына байланысты [7,8,9], ондағы өндірістік, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымдар ауылдың географиялық орналасуына тікелей байланысты және оның маңызды элементінің бірі.

Ауылдың инженерлік инфрақұрылымының құрылымында халықты ауыз сумен қамтамыз ету өте маңызды. Жалпы сумен жабдықтау ауылдық мекендерде топтық су құбырларымен және жергілікті ауылыштық желілермен қамтамасыз етіледі. Аққұм ауылында арнайы екі су құбырлары бар. Осы құбырлар арқылы жергілікті халық пен ауыл шаруашылық өндірісіндегі құрылымдар мен бизнес құрылымдар су пайдаланады. Ауылды сумен қамтамасыз ету жағдайы және осы саланың проблемалары облыс елді мекендері жағдайына ұқсас. Аққұм ауылында ауыз су жергілікті ұңғымалардан беріледі. Ауыз су проблемасы сумен жабдықтау жүйесінің бұзылуынан және жер үсті және жер асты суларының ластануының жоғарылауынан туындайды.

Ауыл шаруашылық өндірісінде әр түрлі агроқұрылымдарды қажетті сумен қамтамасыз ету Сырдария өзенінің суы Шіркейлі каналы арқылы ауыларалық магистралды және ішкі шаруашылық арналары мен дренаж желілері арқылы беріледі. Күзгі-қысқы уақытында осы каналдар қамыстан тазартылады, су құрылыстары ағымдағы жөндеуден өткізіледі. Кейбір жылдары Сырдария өзенінің су көлемінің азаюына байланысты шаруашылықтар күріш және басқа ауыл шаруашылық дақылдарын өсіру кезінде судан тапшылық көреді. Сондықтан өсімдік шаруашылығы саласын дамыту жүйелі және бағытты түрде жүргізілу керек.

Сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету саласындағы проблемалармен қатар, ауылдық округтер мен елді мекендердің экономикасын көтеру үшін автокөлік қатынасы жолдары мен жол бойындағы инфрақұрылымның маңызы өте зор. Автокөлік жол байланысы негізінде келесі түрлеріне бөлінеді: респуб-

ликалық, жергілікті (облыстық) және ауылаларалық пен ішкі ауылдық жолдары.

Аққұм ауылы "Батыс Қытай – Батыс Еуропа" автокөлік жолының бойында орналасқандықтан, басқа ауылдық елді мекендермен тікелей байланыста, сондай-ақ Жалағаш ауданы орталығымен және Қызылорда облысы орталығымен автокөлік жолымен байланысуда. Аққұм ауылындағы ішкі жолдар толық асфальтталмаған, ол тұрғындарға қолайсыз жағдайлар тудырып отыр, сондықтан, ауылда көшелерді асфальттауға көңіл бөлу керек.

Газдандыру ауылдың инженерлік инфрақұрылымының негізгі элементі ретінде қарастырылады. Бүгінгі күні ауыл тұрғындарының үйлері пешпен жылытылады, қысқы кезеңде табыстарының аздығына сәйкес көмір мен отын сатып алуға мүмкіншіліктері болмайды. Жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсеткендей, тұрғындар үйлерін үнемі жылы жағдайда ұстай алмайтындығын айтады, бұл ауыл халқының, әсіресе балалар мен жасөспірімдердің денсаулығына әсер етеді. Сондықтан ауыл үйлерін газдандыру жолдарын жеделдетіп қарастыру ұсынылып отыр, бұл ауылдың инженерлік инфрақұрылымы мәселелерін шешудің маңыздылығын анықтайды.

Электр энергиясымен және байланыс пен қамтамасыз ету ауылдың инженерлік инфрақұрылымының маңызды құрамдас бөлігі. Ауыл толық электрқуатымен қамтамасыз етілген, пошталық және телекоммуникациялар байланысы бар.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының құрамдас бөлігі денсаулық сақтау болып табылады. Ауыл халқының денсаулық жағдайы мен медициналық қызмет көрсету

деңгейі айтарлықтай артта қалып отыр. Медициналық көмек көрсетудің көлемі мен САпасы халықтың өсіп келе жатқан қажеттіліктерін әрдайым қанағаттандырмайды. Халық денсаулығының нашарлауы қолайсыз экологиялық жағдаймен, таза ауыз сумен жабдықтаудың жеткіліксіздігімен күрделене түседі. Ауылдық учаскелік аурухананың материалдық-техникалық базасы белгілі бір деңгейде ауыл тұрғындарының талаптарына қажеттіліктеріне жауап береді.

Білім беру ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының құрамдас бөлігі болып табылады және еліміздің әлеуметтік саясаты бойынша жүргізілуде. Ауылда жалпы білім беретін мектеп пен балабақша қызмет көрсетеді. Әлеуметтік инфрақұрылымның келесі құрамдас элементтері мәдениет, спорт, қоғамдық қауіпсіздік және халыққа құқықтық қызмет көрсету болып табылады.

Ауылдың экология жағдайы айтарлық өзгертуді қажет етеді, ауыл ішін көгалдандыру керек, ол үшін аяқ су жолдары реттелуі тиіс. Егістік және жайылымдық жерлерден ұшқан тұз адамға да жан-жануарға да зиян.

Ауылдық округті дамыту үшін, оның экономикалық потенциалы аса маңызды, оған мыналарды жатқызуға болады: егістік жерлердің топырағының құнарлылығы, ауыл шаруашылық өнімдерін өткізу нарықтарынан орналасу қашықтығы, ауыл халқының кәсіпкерлік белсенділігі, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту, ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету, ирригациялық жүйелерді, егістіктерді, жайылымдарды тиімді пайдалану.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайына SWOT талдау жасалды (2 кесте).

2 кесте – Аққұм ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайына SWOT талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Білім беру саласы	
Мектепке дейінгі балалар толықтай балабақшамен қамтамасыз етілген. Балабақша құны да төменгі деңгейде (құны 3500 тенге). Мектепте тегін би, ән үйірмелері жұмыс атқарады.	Ауылдың шет жақтарында орналасқан үйлердің балаларын балабақшаға апару қиындығы. Мектептегі үйірмелерде жетекші мамандардың жетіспеушілігі. Ағылшын тілін үйрету курстары жетіспейді. Мектепте шахмат, тоғыз құмалақ, робототехника және басқа да үйірме жұмыстары ұйымдастырылмаған. Стадион немесе ойын алаңдарының болмауы.
Денсаулық сақтау	
10 орынға арналған учаскелік аурухана жұмыс атқарады. Амбулаториялық орталық жұмыс жасайды	Ауруханада бөлмелерге су кіргізілмеген. Кәріз жүйелері іске қосылмаған. Дәретхана сыртта орналасқан.
Жастар саясаты	
Жастар практикасы бойынша жұмыспен қамтылуда	Жастар жұмыссыздығы кездеседі. Еңбек миграциясы да орын алған. Жастарда кәсіп-керлік білімнің жеткіліксіздігі байқалады

Социальные проблемы села

Инженерлік инфрақұрылымдар	
100% электр жарығымен қамтамасыз етілген. Батыс Қытай-Батыс Европа дәлізінің бойына орналасқан. Халықаралық транспорт жол қатынасы. Ауыл тұрғындарының 30%-ы жер телімдерін жалға беруі. Ауыл шаруашылық дақылдарының әр түрлі өнімдерін өндіруге мол мүмкіншілігі	Электр желілері 70%-ы тозығы жеткен. Көшелерді асфальттау өте қажет. Көшелерді жарықпен қамтамасыз ету. Аяқ суды кейбір үйлерге дейін жеткізу. Қоғамдық тәртіп немесе мал ұрлау фактілерінің орын алуы.
Мүмкіндіктер	Қауіп қатар
Ауылдың шет жерлерінде орналасқан үйлердің балаларын тасымалдау жұмыстарын ұйымдастыру	Жастар арасында басқа қалаға барып жұмыс істеу көбейіп келеді
Ауыл тұрғындарын салауатты өмір салтын қалыптастыруға жағдай жасау	
Инженерлік желілер жұмысын жақсарту	Инженерлік желілердің тозығы жетуіне байланысты апаттық жағдайлардың орын алуы

Тұжырымдар.

Сонымен қорыта келе, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын жетілдірудің негізгі бағыттары ретінде:

1. Ауылдың әлеуметтік проблемаларын шешу және ауыл халқының тұрмыс деңгейін көтеру.
2. Ауыл шаруашылығы шикізатын өндіру.
3. Шағын және орта бизнес аясын бағынша кеңейту.
4. Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту.
5. Ауылдық кадр потенциалын жақсарту, басқаруды жетілдіру мәселелерін қарастырады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мингалиева, Ж.А. Формирование методологии исследования устойчивого развития территорий / Ж.А. Мингалиева // Вестник Московского университета. Серия «Экономика». - 2017.-№3.- С. 10-12.
- 2 Фирсов, А.И. Совершенствование социальных и экономических отношений на селе / А.И. Фирсов, М.С. Юркова, А.А. Голубева // Научное обозрение: теория и практика.- 2018.-№1.- С. 118-128.
- 3 «Ауыл – Ел бесігі» жобасы: ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әлауқатын жақсарту қалай жүзеге асырылады (2019) [Электрондық ресурс] URL: <http://www.primeminister.kz/kz/news/reviews/auyl-el-besg-jobasy-auyl-tryndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady> (қаралған күні: 03.02.2020).
- 4 Трофимова, В.И. Актуальные проблемы развития сельских территорий на региональном уровне / В.И. Трофимова // Островские чтения. - 2017.-№1.- С. 551-556.
- 5 Фирсов, А.И. Совершенствование организационно-экономического механизма развития сельских территорий в регионе / А.И. Фирсов, М.С. Юркова, В.И. Трофимова

// Научное обозрение: теория и практика.- 2017.-№4.- С. 88-100.

6 Қызылорда облысының әкімдігінің ресми интернет сайты (2018) [Электрондық ресурс] URL: <http://www.gov.kz/kk/pages/arnaau/> (қаралған күні: 23.01.2020).

7 Стоянова, Т.А. (2016). Исследование социальной инфраструктуры сельских муниципальных районов: проблемы и методология // Научно-методический электронный журнал «Концент». [Электронный ресурс] URL: <http://www.e-koncept.ru/2016/86324.htm> (дата обращения: 23.01.2020).

8 Спанова, Б.К. Функционирование и развитие социальной инфраструктуры сельской местности / Б.К. Спанова // Вестник карагандинского университета. Серия «Эконом». - 2018.-№2.- С. 73-80.

9 Нукешева, А.Ж. Ауылдық аумақтардың әлеуметтік инфрақұрылымы: жағдай және мәселелері / А.Ж.Нукешева, Ш.И. Косымбаева, С.Р.Абдиева // Проблемы агрорынка.-2019.-№1.-Б. 179-183.

References

- 1 Mingaliyeva, Zh.A. Formation of research methodology for sustainable development of territories / Zh.A. Mingaliyeva // Bulletin of Moscow University. Series "Economics".- 2017.-№3.- P. 10-12.
- 2 Firsov, A.I. Improving social and economic relations in rural areas / A.I. Firsov, M.S. Yurkova, A.A. Golubeva // Scientific Review: Theory and Practice.- 2018.-№1.- P. 118-128.
- 3 The project "Aul – the cradle of the country": how to improve the quality of life and welfare of the rural population (2019) [Electronic resource] URL: <http://www.primeminister.kz/en/news/reviews/auyl-el-besg-jobasy-auyl-tryndaryny-mr-sru-sapasy-men-l-auatyn-jasartu-alai-jzege-asyrylady> (date of access: 03.02.2020).
- 4 Trofimova, V.I. Relevant issues of rural development at the regional level / V.I.

dological electronic journal "Concent". [Electronic resource] URL: [http:// www.e-koncept.ru/2016/86324.htm](http://www.e-koncept.ru/2016/86324.htm) (date of access: 01/23/2020).

8 Spanova, B.K. The functioning and development of social infrastructure of the rural area / B.K. Spanova // Bulletin of the University of Karaganda. Series "Economy".- 2018.-№2.- P. 73-80.

9 Nukesheva, A.Zh. Social infrastructure of rural areas: situation and problems] / A.Zh. Nukesheva, Sh.I. Kosymbaeva, S.R. Abdiyeva // Problems of AgriMarket.-2019.-№1.-P. 179-183.